ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

**Қазақстан Республикасы**
**Парламенті Мәжілісінің**
**депутаттарына**

*2023 жылғы 1 желтоқсандағы*
*№ ДЗ-453*

**Құрметті депутаттар!**

Жасөспірімдердің денсаулығына және ерте жүктіліктің профилактикасына қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қазақстанда 18 жасқа толмаған 3 миллионнан астам қыз бала бар. Соңғы 5 жылда жасөспірімдер арасындағы босану санының 14%-ға *(3778-ден 2699-ға дейін)* төмендегені байқалды. Аборт деңгейі 2 есеге төмендеді *(1000 жасөспірімге шаққанда 5,8-ден 2,7-ге дейін).*

*Жастар денсаулық орталықтарының жұмысын күшейту туралы (бұдан әрі – ЖДО).*

Бүгінде республикада 138 ЖДО жұмыс істейді, олар жасөспірімдер мен жастардың адамгершілік-жыныстық тәрбиесін арттыру бойынша жұмыс жүргізеді, денсаулық сақтау, оның ішінде қаламайтын жүктілік пен жыныс жолымен берілетін инфекцияның профилактикасы мәселелері бойынша білікті медициналық психологиялық әлеуметтік көмек көрсетеді.

Ағымдағы жылы он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар мен жастардың репродуктивті және психикалық денсаулығын қорғау бойынша медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты (*бұдан әрі - Стандарт*) бекітілді.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, Стандартта ЖДО жабдықтауға, мамандардың штаттық санына, қызметтерді қабылдау және көрсету алгоритміне қойылатын талаптар көзделген.

***Анықтама****: ДСМ деректері бойынша, 2023 жылы 620 мың жасөспірім мен жастар ЖДО-ға жүгінді, оның ішінде психологқа – 123881 (30,6%), гинекологқа – 81025 (20%), ЖТД-ға – 30670 (7,5%), дерматовенерологқа – 29418 (7,2%), урологқа – 30404 (7,5%), әлеуметтік қызметкерге – 18957 (4,6%), терапевтке – 39074 (9,6%), педиатрға – 37586 (9,3%), психиатрға – 10322 (2,5%), заңгерге – 2317 (1,2%).*

*ЖДО мамандары жалпы 1025 928 адамды қамти отырып, 113 538 іс-шара өткізді. МӘМС шеңберінде 2023 жылға ЖДО үшін* ***2,1 млрд теңге*** *бөлінді.*

Одан басқа, жалпы білім беретін мектептерде сынып сағаттары мен қосымша сабақтар шеңберінде мектеп оқушыларын адамгершілік-жыныстық

26.12.2023 Копия электронного документа.

тәрбиелеу бойынша сабақтары өткізіледі. 7-11 сыныптардағы биология сабақтарында репродуктивті денсаулық, гигиена және ерте жүктіліктің профилактикасы бойынша сабақтар өткізіледі.

«Jaria» халықаралық орталығы» ҚҚ «Жастардың репродуктивті денсаулығының профилактикасы және қолдау мәдениетін насихаттау» 2023 – 2025 жылдарға арналған жобасын жүзеге асыруда, ол жасөспірімдер мен жастардың репродуктивті денсаулық мәселелеріндегі хабардарлығын арттыруға бағытталған (*жоба шеңберінде 350 волонтер оқытылды, 10 мыңнан астам жастарды тарта отырып, 100-ден астам іс-шара өткізілді).*

Денсаулық сақтау министрлігі балалар гинекологтарының біліктілігін арттыру үшін өзекті тақырыптарды анықтады және оқыту жүргізілуде.

Жалпы, соңғы 5 жылда кәмелетке толмағандардың репродуктивті және психикалық денсаулығы мәселелері бойынша 262 маман (*мамандардың жалпы санының 27,4%*) оқытылып, сертификатталған.

*Қиын өмірлік жағдайға тап болған қыз балаларға көмек көрсету үшін барлық әлеуметтік Call орталықтарының жұмысын жандандыру туралы.*

Қиын өмірлік жағдайға тап болған жасөспірімдерге көмек көрсету үшін ағымдағы жылғы 16 қазанда «Amanat» республикалық отбасы, әйелдер және балалар құқықтары жөніндегі қоғамдық кеңес жанынан «111» тәуліктік байланыс орталығы іске қосылды. Байланыс орталығы барлық қалалық нөмірлерден және ұялы байланыс операторларынан тегін қоңырау шалу арқылы зорлық-зомбылық және қатыгездік мәселелері бойынша консультациялық, заңгерлік және психологиялық көмек көрсетеді.

***Анықтама**: Ағымдағы жылғы 16 қазан мен 30 қараша аралығында 15 086 қоңырау түскен. Зорлық-зомбылық және қатыгездік мәселелері бойынша 175 азаматтан, оның ішінде 33-і балалармен байланысты (буллинг - 8, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық - 22, жыныстық зорлық-зомбылық - 3).*

Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-тәжірибелік орталығының базасында Психикалық денсаулықты сақтау бірыңғай ақпараттық қызметінің «3580» байланыс орталығы құрылды.

***Анықтама**: 2023 жылы психологиялық консультация сайтына 488 қоңырау, 57 өтініш, телеграм-ботқа 1397 өтініш түскен*

Өтініш берушілердің мәселелерін шешу мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жүзеге асырылады.

Бұл ретте мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға қиын өмірлік жағдайға тап болған қыз балаларға көмек көрсету бойынша барлық әлеуметтік Call орталықтарының жұмысын жандандыру тапсырылды.

*Тәуекел тобындағы жасөспірімдер арасында тегін контрацепцияға қолжетімділікті, сауалнама жүргізу арқылы анықтау туралы.*

БҰҰ Халықты орналастыру қорының (БҰҰХҚ) қолдауымен Денсаулық сақтау министрлігі 2024 жылы 15-19 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастардың репродуктивтік денсаулығының жай-күйін, олардың жыныстық мінез-құлқын және репродуктивтік денсаулықты сақтау қызметтері

мен ақпаратына қол жеткізуін зерделеу бойынша әлеуметтік зерттеу (сауалнама) жүргізу жоспарланған.

*Нормативтік құқықтық құжаттарды жаңарту, бейнематериалдарды жасау, оларды байланыс арналары мен әлеуметтік желілер арқылы тарату туралы. Балалар гинекологиялық қызметінің жұмысын күшейте отырып, медициналық-санитарлық* алғашқы *көмек (бұдан әрі – МАСК) ұйымдарында консультацияларға ауқымды қолжетімділікті қамтамасыз ету туралы.*

Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасында балалар гинекологиясын жетілдірудің 2023 – 2026 жылдарға арналған жол картасын іске асыруда, қыздар мен жасөспірімдердің гинекологиялық ауруларының диагностикасы мен емдеудің клиникалық хаттамаларын бекітті.

Балалар гинекологиялық қызметінің жұмысын күшейту мақсатында 2024 жылы Акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартына (*2021 жылғы 26 тамыздағы ҚР ДСМ-92*) МАСК деңгейінде қыздар мен жасөспірімдерге гинекологиялық көмек көрсетуді, гинекологиялық патологиясы бар жасөспірімдерді емдеу және бағдарлау алгоритмін ұйымдастыру, сондай-ақ оларды емдеу бойынша мамандарды оқыту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Денсаулық сақтау басқармаларының деректері бойынша республикада 6594 денсаулық сақтау мектебі (*бұдан әрі - – ДМ*) жұмыс істейді, оның ішінде МСАК ұйымдарында – 5692, стационарларда – 902.

***Анықтама:*** *2023 жылдың қорытындысы бойынша репродуктивтік денсаулықты сақтау мәселелері бойынша ДМ-ға бару саны 3 48 130 адамды құрайды (2022 жылы 5 07 502 адам).*

МСАК деңгейінде учаскелік дәрігерлер акушер-гинекологтармен бірлесіп жүктілікті (абортты) жасанды үзудің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізуде. Өңірлерде Денсаулық сақтау басқармаларының бұйрығымен балалар бас гинекологтары анықталды. Балалар гинекологиялық қызметіне консультативтік, әдістемелік және үйлестіру жұмыстарын көрсету үшін «University medical center» Корпоративтік қоры үйлестіруші орган болып анықтады.

0 жастан 17 жасқа дейінгі балалардың ауруларын уақтылы анықтау және емдеу үшін міндетті профилактикалық медициналық тексерулер жүргізіледі (*ДСМ 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ – 264/2020 бұйрығы*). 1 жас, 3 жас, 6 жас, 15 жас, 17 жас топтары үшін жалпы клиникалық зерттеу әдістері (*жалпы қан талдауы, жалпы несеп талдауы*) қосымша енгізілген, бұл патологияларды ерте кезеңдерде анықтауды жақсартуға мүмкіндік береді.

Салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында блогерлерді, қоғам қайраткерлерін, дәрігерлер мен еріктілерді тарта отырып, «Жастар денсаулықын сақтау» республикалық жастар қозғалысы құрылды. Веб-сайттар мен «TikTok», «YouTube» және «Instagram» (*2,2 миллион адам*) әлеуметтік желілерінде парақшалар ашылды.

***<u>Анықтама</u>****:* *Бұқаралық ақпарат құралдарында 118 581 іс-шара ұйымдастырылды, оның ішінде: 165 441 телебағдарламалар, бейнероликтер, жергілікті арналарда, жарықдиодты мониторларда, қоғамдық көлікте, халық көп жиналатын орындарда*

*аудиобейне хабарлар, МСАК ұйымдарында, білім беру нысандарында таратылды; 537 сыртқы жарнама, 2057 баспа басылымдары, 12423 ақпарат МСАК веб-сайттарында және әлеуметтік желілерде орналастырылған.*

*Репродуктивтік денсаулықты нығайту және сақтау бойынша 616668 инфокоммуникациялық материалдар (инфографика, бейнероликтер) таратылды.*

Жалпы, жасөспірімдер жүктілігінің профилактикасы, мамандардың біліктілігін арттыру, нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру жұмыстары жалғасуда және Үкіметтің бақылауында.

**Т. Дүйсенова**

*Орын. Құспекова Г.Е.*
*750002*

№ исх: 16-10/5586 дз от: 26.12.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ

ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№

**Депутатам**
**Мажилиса Парламента**
**Республики Казахстан**

*На № ДЗ-453*
*от 1 декабря 2023 года*

**Уважаемые депутаты!**

Рассмотрев депутатский запрос касательно здоровья подростков и профилактики ранней беременности, сообщаю следующее.

В Казахстане более 3 млн девочек в возрасте до 18 лет. За последние 5 лет отмечается снижение количества родов среди подростков на 14% *(с 3778 до 2699).* В 2 раза снизился показатель уровня абортов *(с 5,8 до 2,7 на 1 000 подростков).*

*Об усилении работы Молодежных центров здоровья (далее – МЦЗ).*

На сегодня в республике функционируют 138 МЦЗ, которые проводят работу по повышению нравственного-полового воспитания подростков и молодежи, оказывают квалифицированную медико-психосоциальную помощь по вопросам сохранения здоровья, в том числе профилактики нежелательной беременности и инфекций, передающихся половым путем.

В текущем году утвержден стандарт организации оказания медицинской помощи по охране репродуктивного и психического здоровья несовершеннолетних в возрасте от десяти до восемнадцати лет и молодежи *(далее - Стандарт).*

С учетом международного опыта в Стандарте предусмотрены требования к оснащению МЦЗ, штатной численности специалистов, алгоритм приема и оказания услуг.

***<u>Справочно</u>:*** *По данным МЗ в 2023 году в МЦЗ обратилось 620 тысяч подростков и молодежи, в том числе к психологу – 123881 (30,6%), гинекологу – 81025 (20%), ВОП – 30670 (7,5%), дерматовенерологу – 29418 (7,2%), урологу – 30404 (7,5%), социальному работнику – 18957 (4,6%), терапевту – 39074 (9,6%), педиатру – 37586 (9,3 %), психиатру – 10322 (2,5%), юристу – 2317 (1,2 %).*

*Специалистами МЦЗ проведено 113538 мероприятий, с общим охватом 1025928 человек. Для МЦЗ в рамках ОСМС на 2023 год **выделено 2,1 млрд тенге.***

Кроме того, в общеобразовательных школах в рамках классных часов и дополнительных уроков проводятся занятия по нравственно-половому

26.12.2023 Копия электронного документа.

воспитанию школьников. На уроках биологии в 7-11 классах проводятся занятия по вопросам репродуктивного здоровья, гигиены, профилактики ранней беременности.

ОФ «Международный центр «Жария» реализуется проект «Проведение культуры профилактики и поддержания репродуктивного здоровья молодежи» на 2023 – 2025 годы, который направлен на повышение осведомленности подростков и молодежи в вопросах охраны репродуктивного здоровья *(в рамках проекта обучено 350 волонтеров, проведено более 100 мероприятий с привлечением свыше 10 тыс. молодежи).*

Министерством здравоохранения определены актуальные темы для повышения квалификации детских гинекологов и проводится их обучение.

В целом за последние 5 лет по вопросам репродуктивного и психического здоровья несовершеннолетних обучено и сертифицировано 262 специалиста *(27,4% от общего количества специалистов).*

*Об активизации работы всех социальных Call центров для оказания помощи девочкам, попавшим в сложную жизненную ситуацию.*

Для оказания помощи подросткам, попавшим в сложную жизненную ситуацию 16 октября текущего года запущен круглосуточный контакт-центр «111» при республиканском общественном совете по вопросам семьи, женщин и прав детей «Amanat». Контакт-центр оказывает консультационную, юридическую и психологическую помощь по вопросам насилия и жестокого обращения с предоставлением бесплатного дозвона со всех городских номеров и сотовых операторов связи.

***Справочно:*** *С 16 октября по 30 ноября текущего года поступило 15086 звонков. По вопросам насилия и жестокого обращения от 175 граждан, в том числе 33 связанных с детьми (буллинг - 8, физическое и психологическое насилие - 22, сексуальное насилие - 3).*

На базе Республиканского научно-практического центра психического здоровья создан Call-center «3580» Единой информационной службы охраны психического здоровья.

***Справочно:*** *В 2023 году поступило 488 звонков, 57 заявок на сайт психологического консультирования, 1397 обращений в телеграмм-бот.*

Решение вопросов заявителей осуществляется совместно с государственными и местными исполнительными органами.

При этом государственным и местным исполнительным органам поручено активизировать работу всех социальных Call центров для оказания помощи девочкам, попавшим в сложную жизненную ситуацию.

*Об определении путем опросов среди подростков групп риска доступа к бесплатным средствам контрацепции.*

Министерством здравоохранения, при поддержке Фонда ООН в области народонаселения (ЮНФПА), в 2024 году запланировано проведение социологического исследования (опроса) по изучению состояния репродуктивного здоровья подростков и молодых людей 15-19 лет, их сексуального поведения и доступа к услугам и информации в области охраны репродуктивного здоровья.

*Об обновлении нормативно-правовых документов, создании видеоматериалов, распространению их через коммуникационные каналы и социальные сети. Об обеспечении широкого доступа к консультациям в организациях* первичной *медико-санитарной помощи (далее – ПМСП) с усилением работы детской гинекологической службы.*

Министерством здравоохранения реализуется Дорожная карта по совершенствованию детской гинекологии в Республике Казахстан на 2023 – 2026 годы, утверждены клинические протоколы диагностики и лечения гинекологических заболеваний у девочек и подростков.

В целях усиления работы детской гинекологической службы в 2024 году будут внесены изменения и дополнения в Стандарт организации оказания акушерско-гинекологической помощи *(от 26 августа 2021 года ҚР ДСМ-92),* в части организации на уровне ПМСП оказания гинекологической помощи подросткам, алгоритма лечения и маршрутизации подростков с гинекологическими патологиями, а также обучения специалистов по их ведению.

По данным управлений здравоохранения в республике функционируют 6594 школ здоровья *(далее – ШЗ)*, из них в организациях ПМСП – 5692, стационарах – 902.

***Справочно:*** *количество посещений в ШЗ по вопросам охраны репродуктивного здоровья по итогам 2023 года составляет 348130 человек (507502 человек в 2022 году).*

На уровне ПМСП участковыми врачами совместно с акушер-гинекологами проводится работа по предупреждению искусственных прерываний беременностей (абортов). В регионах приказами Управлений здравоохранения определены главные детские гинекологи. Для оказания консультативной, методической и координационной работы детской гинекологической службе координирующим органом определен Корпоративный фонд «University medical center».

Для своевременного выявления и лечения заболеваний детей в возрасте от 0 до 17 лет проводятся обязательные профилактические медицинские осмотры *(приказ МЗ от 15 декабря 2020 года № ҚР ДСМ – 264/2020).* Для возрастных групп 1 год, 3 года, 6 лет, 15 лет, 17 лет дополнительно включены общеклинические методы исследования *(общий анализ крови, общий анализ мочи),* что позволит улучшить выявляемость патологий на ранних стадиях.

В целях популяризации здорового образа жизни создано республиканское молодежное движение «Жастар денсаулығын сақтау» с привлечением блогеров, общественных деятелей, врачей и волонтеров. Открыт веб-сайт и страницы в социальных сетях «TikTok», «YouTube» и «Instagram» *(обратилось 2,2 млн человек).*

***Справочно:*** *В средствах массовой информации организовано 118581 мероприятий, из них: 165441 трансляций телепередач, видеороликов, аудиороликов на местных каналах, на LED-мониторах, в общественном транспорте, в местах массового пребывания населения, в организациях ПМСП, в объектах образования; 537 наружных реклам, 2057 публикаций в печатных изданиях, 12423 информаций размещено на веб-сайтах ПМСП, в социальных сетях. Роздано 616668 инфокоммуникационных материалов (инфографики, видеоролики) по укреплению и сохранению репродуктивного здоровья.*

В целом работа по профилактике подростковой беременности, повышению квалификации специалистов, актуализации нормативных правовых актов продолжается и находится на контроле Правительства.

**Т. Дуйсенова**

*Исп. Куспекова Г.Е.*
*750002*